

## Үржар ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 07 желтоқсандағы № 547 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 21 желтоқсанда № 5-18-136 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 692 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 18.12.2015 № 692 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылауды Үржар ауданы әкімінің аппарат жетекшісі Ж.Қ. Сыркеевке жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Қ. Байсинов*

*Келісілді:*

*Аумақтық сайлау  
комиссиясының төрағасы*

*А. Жұматаев*

07 желтоқсан 2011 ж.

## Үржар ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№ р/ с	А/о атауы	Орналастыру орындары
1	Ақжар ауылдық округ	Абылайхан даңғылы № 28, "Family" дүкені
	Амангелді ауылы	ауылдық фельдшерлік акушерлік пунктінің ғимараты
	Қарамойыл ауылы	ауылдық фельдшерлік акушерлік пунктінің ғимараты
2	Алтыншоқы ауылдық округ	Д. Жұматаев көшесіндегі "Қазпошта" ғимаратының қабырғасы
	Айтбай ауылы	Гагарин көшесіндегі орта мектептің жанында арнайы бөлінген орын
	Лайбұлақ ауылы	Школьная көшесіндегі "Оралбек" дүкені ғимаратының қабырғасында
	Текебұлақ ауылы	ауылдық фельдшерлік акушерлік пунктінің жанында арнайы бөлінген орын
3	Қаратұма ауылдық округ	ауыл орталығында хабарламалар үшін арнайы бөлінген орын, ауыл орталығында орналасқан "Анар" дүкені ғимаратының қабырғасында
4	Бақты ауылдық округ	Алтынсарин көшесіндегі № 1 Б. Сахариев атындағы орта мектебінің жанында арнайы бөлінген орын және клуб жанында арнайы бөлінген орын
5	Көлденең ауылдық округ	Ардагерлер көшесінде орналасқан "Мадина" дүкенінің жанында арнайы бөлінген орын
6	Салқынбел ауылдық округ	ауылдық мәдениет үйі жанында арнайы бөлінген орын, ауылдық Қазпошта ғимаратының қабырғасында
	Қарабұйрат ауылы	ауылдық фельдшерлік акушерлік пункті ғимаратының қабырғасында
7	Қоңыршәулі ауылдық округ	Балғабаев көшесіндегі байланыс бөлімшесі ғимаратының алдында, Ақтанберді көшесіндегі Қазпошта бөлімшесі ғимаратының алдында, Балғабаев көшесіндегі орталық алаң
8	Благодарное ауылдық округ	Центральная көшесінде орналасқан "Жастар" үйінің жанында арнайы бөлінген орын
	Қызыл-Жұлдыз ауылы	Набережная көшесіндегі ескі дүкен жанында арнайы бөлінген орын
9	Шолпан ауылдық округ	Ғ. Құлахметов көшесіндегі "Қасымбай" дүкенінің қабырғасында, С. Құлахметов көшесіндегі "Маржан" дүкенінің қабырғасында
10	Елтай ауылдық округ	ауыл орталығында орналасқан "Нұржан" дүкенінің жанында арнайы бөлінген орын
11	Көктерек ауылдық округ	Б. Момышұлы көшесіндегі № 5 ғимаратында орналасқан "Айзада" дүкенінің жанында арнайы бөлінген орын
	Қайыңды ауылы	Бейбітшілік көшесіндегі № 23 үйінің жанында арнайы бөлінген орын
	Қызылбұлақ ауылы	Орталық көшесіндегі № 19 үйінің жанында арнайы бөлінген орын
12	Қарабұлақ ауылдық округ	Найманбаев көшесі № 28 орналасқан ауылдық әкімдік ғимаратының жанындағы орын
	Барлық-Арасан ауылы	Абай көшесіндегі № 15 үйінің алдында арнайы бөлінген орын, Абай көшесіндегі № 22 үйінің (бұрынғы ЖМК ғимараты) алдындағы орын

13	Жоғарғы Егінсу ауылдық округ	ауыл орталығындағы "Қазпошта" бөлімшесі ғимаратының алдында арнайы бөлінген орын, Егінсу орта мектебі жанында арнайы бөлінген орын
14	Жаңа Тілек ауылдық округ	Ленин көшесі бойында орналасқан "Нұр-дос", "Айерке", "Ерсерік" дүкендерінің қабырғаларында
	Тасарық ауылы	С. Сейфуллин көшесіндегі "Әділет", "Ерзат" дүкендерінің қабырғаларында
15	Қаратал ауылдық округ	Жеңіс көшесіндегі № 1 Қаратал орта мектебі ғимаратының алдында арнайы бөлінген орын. Жеңіс көшесі № 1 Б орналасқан "Айбек" дүкенінің қабырғасында
	Бекет ауылы	ауыл тұрғыны Мыстановна Канипаның Қабанбай көшесіндегі № 4 үйінің жанында арнайы бөлінген орын, Бөгенбай көшесіндегі № 8/2 ғимаратында орналасқан "Байтұрсын" ШҚ-ның алдында арнайы бөлінген орын
	Бұғыбай ауылы	Қабанбай көшесіндегі № 1 ғимаратында орналасқан Бұғыбай негізгі мектебінің алдында арнайы бөлінген орын. Наурыз көшесіндегі № 2 А-дағы "Наурыз" дүкенінің қабырғаларында
16	Егінсу ауылдық округ	М. Әуезов көшесіндегі № 20 үйінің жанында арнайы бөлінген орын
	Жанай ауылы	Қ. Рысқұлбеков көшесіндегі Жанай орта мектебінің жанында арнайы бөлінген орын
17	Қарақол ауылдық округ	Әзербайев көшесіндегі № 10 ғимаратында орналасқан орта мектебінің жанындағы арнайы тақта
	Сағат ауылы	Заманбеков көшесіндегі № 115 ғимаратында орналасқан фельдшерлік акушерлік пунктінің жанында арнайы бөлінген орын
	Абай ауылы	Құсайынов көшесіндегі № 45 орналасқан фельдшерлік акушерлік пунктінің жанында арнайы бөлінген орын
	Сартерек ауылы	фельдшерлік акушерлік пунктінің жанында арнайы бөлінген орын
18	Көктал ауылдық округ	"Самал" жастар үйі ғимаратының қабырғаларында
19	Көкөзек ауылдық округ	Ленин көшесіндегі № 73 орналасқан ауылдық клубтың жанында арнайы бөлінген орын
20	Мақаншы ауылдық округ	Қабанбай және Найманбай көшелері қиылысындағы арнайы бөлінген орын, Қабанбай көшесі бойындағы ескі Мәдениет үйі ғимаратының алды
21	Ақшоқы ауылдық округ	Ә. Найманбаев көшесіндегі № 80 үйінің жанындағы ауыл саябағында арнайы бөлінген орын, Ә. Найманбаев көшесіндегі № 79 ғимаратында орналасқан орта мектептің жанында арнайы бөлінген орын
	Подгорное ауылы	Орталық көшесіндегі № 5 орналасқан орта мектептің жанында арнайы бөлінген орын
22	Бестерек ауылдық округ	Ардагерлер көшесіндегі № 45 орталық дүкенінің жанында арнайы бөлінген орын
	Қазымбет ауылы	"Гауһар" орталық дүкені ғимаратының жанында арнайы бөлінген орын
	Ер Қабанбай ауылы	"Гауһария" орталық дүкенінің жанында арнайы бөлінген орын
23	Қабанбай ауылдық округ	"Алакөл" орталық дүкенінің жанында арнайы бөлінген орын
24	Үржар ауылдық округ	Абылайхан даңғылындағы № 76 "Дастархан" автобекетінің қабырғаларында, Абылайхан даңғылындағы № 89 "Қуаныш" базарының қоршауы бойында; Абылайхан даңғылындағы № 118 "Нұрсұлтан" сауда үйінің қабырғаларында; Абылайхан даңғылындағы № 147 "Артур" сауда үйінің қабырғаларында; Абылайхан даңғылындағы № 142 Тұрмыстық қызметтерін көрсету үйі қабырғаларында
	Қызыл ту ауылы	Қазпошта бөлімшесі ғимаратының қабырғаларында
	Бұрғон ауылы	ауылдық фельдшерлік акушерлік пункт ғимаратының қабырғаларында
	Қарабұта	

25	ауылдық округ	Абай көшесіндегі Қазпошта бөлімшесінің жанында арнайы бөлінген орын.
26	Науалы ауылдық округ	Рахметов көшесіндегі № 17 "Науалым" дүкенінің қабырғаларында, Рахметов көшесіндегі № 40 дүкенінің қабырғаларында
	Малақ ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында арнайы бөлінген орын
27	Ново-Андреевка ауылдық округ	"Нұр-Дос", "Тимур" орталық дүкендері ғимараттарының қабырғаларында
	Покровка ауылы	"Баян сұлу" дүкенінің қабырғаларында
	Некрасовка ауылы	"Әсем" орталық дүкенінің қабырғаларында
	Благодатное ауылы	"Думан" орталық дүкенінің қабырғаларында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК